

«М. А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.91-92.

**ӘОЖ: 619:636.3(574.3)(045)**

## **АСТАНА ҚАЛАСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИТ ГЕЛЬМИНТОЗДАРЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Айтбай Ә.Б., 2-курс магистранты  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Қаңғыбас және үй иттеріндегі гельминттердің жергілікті таралуы және жұқтыру қаупін бағалау ветеринарлар үшін жануарлардың денсаулығына және ықтимал зооноздық тәуекелге байланысты маңызды міндет болып табылады[1]. Бұл зерттеудің жалпы мақсаты Астана қаласы бойынша иттердің гельминтоздарының таралуын бағалап, онымен күресу шараларын жетілдіру болды. Әдістер: нәжіс үлгілері 2022 жылы сәуір-қараша аралығында 4 зерттеу нысанынан 100 үй иті мен 100 қаңғыбас иттен алынды және копроскопия әдісімен талданды. Үлгілерге екі жыныстағы жануарлардан, әртүрлі тұқымдардан және әртүрлі тіршілік ету ортасынан, әртүрлі өмір салты мен азықтандыру режимдерінен жиналған үлгілер кірді [2,3].

1 кесте - Астана қаласы қаңғыбас иттердің гельминтоздарға шалдығу қарқыны (сәуір-қараша, 2022)

| Зерттелген иттердің топтары | Саны      | Залалдану қарқыны (ЭИ, %) |                               |                       |  |
|-----------------------------|-----------|---------------------------|-------------------------------|-----------------------|--|
|                             |           | токсокароз<br>бас / %     | токсаскаридоз<br>з<br>бас / % | дипилидиоз<br>бас / % | тениидоздар<br>(эхинококкоз, мультицептоз,<br>т.б.)бас / % |
| 1 жасқа дейін               | 23        | 22 /94,1                  | 4/17,4                        | 4/17,3                | 2/8,7  |
| 1 жастан асқан иттер        | 31        | 10/32,2                   | 23/74,1                       | 9/29                  | 7/22,5   |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>              | <b>54</b> | <b>32 /59</b>             | <b>27/50,0</b>                | <b>13/24</b>          | <b>9/16,6</b>  |

2 кесте - Астана қаласы иесі бар иттердің гельминтоздарға шалдығу қарқыны (сәуір-қараша,2022)

| Зерттелген иттердің топтары | Саны | Залалдану қарқыны (ЭИ, %) |                         |                       |  |
|-----------------------------|------|---------------------------|-------------------------|-----------------------|--|
|                             |      | токсокароз<br>бас / %     | токсаскаридоз<br>бас /% | дипилидиоз<br>бас / % | тениидоздар<br>(эхинококкоз,мультицептоз, т.б.)<br>бас / % |
| 1 жасқа дейін               | 17   | 15 /88,2                  | 1/5,8                   | 0/0                   | 0/0  |
| 1 жастан асқан иттер        | 5    | 2/40                      | 5/100                   | 3/60                  | 2/40   |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>              | 22   | 17/77,2                   | 6/27,2                  | 3/13,6                | 2/9  |

Нәтижелер: жалпы алғанда, 76 (38%) нәжіс үлгілері гельминт түрлерінің кем дегенде біреуіне оң нәтиже көрсетті. Инвазия деңгейі *Toxocara canis* және *Toxascaris leonina* (сәйкесінше 94% және 74%) үшін ең жоғары болды. Таспа құрттар *Dipylidium caninum* және *Taeniidae* (сәйкесінше 29% және 22%) құрады. Жас иттерде, көшемен тығыз байланысты жануарларда, ауылдық жерлерде тұратын жануарларда нәжіспен паразиттердің бөлінуінің айтарлықтай жоғары көрсеткіштері анықталды. Сонымен қатар, тек дүкендегі азықпен қоректенбеген және басқа жануарлармен (иттермен және/немесе мысықтармен) бірге өмір сүрген иттерде паразиттерді жұқтыру қаупі жоғары болды. Иттер үшін аң аулау мен мал жаю және қарғыбаусыз серуендеу қосымша қауіп факторлары екені анықталды. Сонымен қатар, дегельминтизация тарихы жоқ немесе зерттеуге дейін  $>1$  жыл бұрын дегельминтизацияланған үй жануарлары зерттеуге қатысудан  $<1$  жылдан кем уақытта дегельминтизацияланған үй жануарларына қарағанда паразиттерге айтарлықтай жиі оң нәтиже берді.

3 кесте - Ит гельминтоздарының ересек және балаңқұрт сатыларына қарсы тиімділігін бағалау үшін инвазияланған иттерді емдеудің ұсынылатын уақыты[4]

| Паразит                        | Ересек сатысы | Балаңқұрт сатысы  |
|--------------------------------|---------------|---|
| <i>Toxocara canis</i>          | 49 күн        | 6–8 күнде (L4)<br>3–5 күнде (L3/L4)<br>14–21 күнде (L4/L5)<br>20–40, әдетте 30 күнде (L4) |
| <i>Toxascaris leonina</i>      | 70 күн        | 35 күнде (L4)   |
| <i>Trichuris vulpis</i>        | 84 күн        |   |
| <i>Echinococcus granulosus</i> | 28 күн        |   |
| <i>Taenia spp.</i>             | 35 күн        |   |

Қорынытынды: Гельминттердің жалпы таралуы (олардың кейбіреулері зоонозды), қауіп факторлары және осы зерттеуде анықталған дегельминтизацияның төмен жиілігі (жануарлардың 20,5%-ы ешқашан дегельминтизацияланбаған және тек 26,4%-ы жылына  $\geq 3$  рет дегельминтизациядан өткен) үй жануарлары иелерінің Астанада антигельминтикалық препараттар бойынша ұсыныстарды сақтауын жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Gilles Bourgoin, Prevalence of major digestive and respiratory helminths in dog and cats in France: results of a multicenter study [Text] / Marie-Pierre Callait-Cardinal, Emilie Bouhsira, Bruno Polack, Patrick Bourdeau, Clarisse Roussel Ariza, Lisa Carassou, Emmanuel Lienard and Jason Drake // Bourgoin et al. *Parasites & Vectors* -2022. - №15. -P.314. <https://doi.org/10.1186/s13071-022-05368-7>
- 2 Lyudmila Lider, Intestinal helminths of wild Canidae from the Kazakhstan steppe ecosystems [Text] / Sergey Leontyev, Altay Ussenbayev, Vladimir Kiyani, Orken Akibekov, Dinara Seitkamzina, Assylbek Zhanabayev // *Veterinaria*, -2020. -Vol.69. -No.2. -P.111-120. Available at: <https://journal.veterinaria-sarajevo.com/vfs/index.php/journal/article/view/35/12>

- 3 Bauer, Ch, CIntestinal helminth and coccidian parasites in stray dogs housed in the municipal animal shelter of Nur-sultan city and recommendations for a parasite control [Text] / Lider, L.A., Ussenbayev, A.E., Zhanabayev A.A., Seyitkamzina, D.M. // Bull.of S.Seifullin Kazakh Agro Technical University. -2019. - №3(102). -P.202-212.
- 4 Frederic Beugnet A, World Association for the Advancement of Veterinary Parasitology (WAAVP): Second edition of guidelines for evaluating the efficacy ofanthelmintics for dogs and cats [Text] / PiyananTaweethavonsawat B, Donato Traversa C, Josephus Fourie D, John McCall E, Eric Tielemans A, Thomas Geurden // Veterinary Parasitology, -2022. -Vol.312. 109815<https://doi.org/10.1016/j.vetpar.2022.109815>